

## ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА ПАЛЕОЛИТ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ АШЫЛУ ТАРИХЫ

**Мусиралиев А.Е.**, ғылыми қызметкер

Қарағанды облысы «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ  
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның палеолит дәуірі – Орталық Қазақстандағы ең ұзақ кезеңі бола тұра, ұзақ уақыт бойы Еуразияның көптеген аймақтарындағы палеолит зерттеулерінен едәуір артта қалып, археологиялық аспектіде ең аз зерттелген болып қала берді. Мәселен, 1961 жылға дейін Қазақстан аумағында шын мәнінде бірде – бір жақсы зерттелген палеолит ескерткіші болған жоқ, ал сол кезде шектес аумақтарда – Еділ аймағында, Орта Азияда, Алтайда, сондай-ақ Енисейде және Кавказда ежелгі тас дәуірінің ондаған қызықты және маңызды ескерткіштері бұрыннан ашылып, мұқият зерделенді. Палеолит дәуіріне жататын алғашқы заттар 40-50 жылдары Сарыарқада табылған. Бұл – кездейсоқ және күмәнді олжалар болды.

1946 жылы Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылып, үлкен хронологиялық диапазонның ескерткіштерін зерттей бастады [1, 438 б.]. Сол жылы Дабсунтуз тұзды жерінің (Солтүстік Бетпақ-Даладағы Қарақойын көлі) маңында А.Х. Марғұланмен «байырғы белгілері» бар бірнеше заттар табылды. А.Г. Максимова Семізбұғы тауынан солтүстік-шығысқа қарай 10 шк жерде, Өлеңті өзенінің оң жағалауында осындай бұйымдардың да табылғаны туралы хабарлады [2, 123 б.]. 1954 жылы Новопавловка ауылының маңында К.А. Ақышевпен «пішіні мен көлемі бойынша солтүрлік мәдениетке өте жақын» 2 қысқа найзаның (дротиктердің) ұшы табылды [3, 77 б.]. 1960 ж. Л.С. Симутин Сарысу өзені бассейніндегі Жамантау тауының баурайында палеолит бұйымдарының жәдігерін жинай алды. Сол жылы В.С. Панцыревпен Сарысу өзенінің бассейніндегі Кентөбе қабірінен шығысқа қарай 8 шк жерде және Қойтас жұртының маңында, Кенжебайсай сайында палеолиттік құрал-жабдықтар жиналды.

Ең қызықтылары Қойтастан шыққан ерте палеолиттегі 2 шапқак-бифастар мен кремний бұйымдары және Қойтас 4-тен шыққан кейінгі палеолитке жататын кварцтік бұйымдарының жәдігерлері, өзекше жиынтықтары айқындалатын басқа бөліктерден табылған тегіс бифастары мен керемет өткіртәрізді өзекше үлгі материалдары болды.

Орталық Қазақстандағы палеолит дәуірінің ескерткіштерін жүйелі зерттеу 1960 жылы басталды. М.Н. Клапчук Нұра және Сарысу өзендерінің бассейнінде, А.Г. Медоев — Солтүстік Балқаш өңірінде, Ертіс өңірінің сол жағалауында, Ертіс-Балқаш басты суайрығында және сонымен қатар Қазақстанның басқа аудандарында зерттеулер жүргізді. 1960 жылы М.Н. Клапчук Кенжебайсай 7 және Сарысу (Қосмола) археологиялық ескерткіштерін зерттеді, нәтижесінде ол табылған ескерткіштер орта палеолит дәуіріне жатады деген қорытынды жасады. Кенжебайсай 7-ден шыққан екі жағынан өңделген ұзын бадам тәрізді екі шапқы мен Қосмоладан табылған мустьерлік кезеңге жататын найзаның өткір ұшы ерекше қызығушылықты тудырды. Қосмоланың жоғарғы бөлігінде жатқан көптеген құрал-жабдықтар айналдырылған және патинацияланған, геологтар жоғарғы плейстоценге жатқызған Сарысу 1-ші суүсті террасасының аллювиінен шығуы мүмкін деген қорытындыны туындатады.

Қызылжар елді мекенінде орта палеолит дәуіріне жататын екі жақты өңделген шағын дискі тәрізді нуклеус табылды. Жамантауда табылған заттар пластиналар мен қырғыштардың, призмалық нуклеустердің болуына байланысты кейінгі палеолит кезеңіне жатқызылды [4]. 1960 жылы ол «палеолит дәуірінің ең соңғы дәуіріне» жатқызылған Батпақ тұрағын ашты. Тұрақта жиналған материал дәрежесі кремнийлі-темір жыныстарынан жасалған ұсақ-түйек құралдан тұрды. Жаңқалардың, тескіштердің, кесектердің, бұрыс пішініндегі пластинкалар, қырғыштардың көптігі айрықша болды. Палеолит дәуіріндегі ескерткіштерді зерттеу бойынша А.Г. Медоев тобының жұмыстары көлемі ауқымды және нәтижелілігімен ерекшеленді. 1960 жылы Солтүстік Балқаш маңы аумағындағы Туранга өзенінің бассейнінде екі тұрақ табылды, онда ашель, клектон, леваллуаз және кейінгі палеолит түрлерінің бұйымдары анықталды.

1961 ж. осы аумақта Семізбұғы тауларының шегіндегі тұрақ-шеберханаларда Оңтүстік Қазақстанның Қаратау ескерткіштеріндегідей жарқын және бай материал анықталды. 1962-1963 жылдары А.Г. Медоев тобы басты Ертіс-Балқаш суайрығында палеолит дәуірінің ескерткіштерін іздестірумен айналысты. 10 орын табылды – ескерткіштердің бір бөлігі байырғы жыныстардың шығуларына, бір бөлігі – шығару конустары шлейфтерінің алаңдарымен, ал біреуі (№61 тармақ) – Қарашығалы өзенінің бірінші жайылма үстіндегі террасасының бетіне орайластырылды [5, 98-99 бб.].

60-шы жылдардың басында М.Н. Клапчук пен А.Г. Медоевтің зерттеулерінде Орталық Қазақстан тас дәуірінің жаңадан табылған материалдары мен Сібірдің кейінгі палеолиті арасындағы қарым-қатынас тақырыбы маңызды сәт болды, оның отандық ғылымдағы ерекше орны туралы Г.П. Сосновский (1934) және С.Н. Замятин (1951) еңбектерінің арқасында нығайтылды.

Осы жылдары археологтар алғашқы адамның Сібірді игеру жолдары туралы мәселені бірнеше рет көтерді (Окладников, 1950; Формозов, 1953; Бадер, 1960), сондай-ақ Қазақстанның, соның ішінде оның орталық территориясының рөлі туралы әртүрлі пікірлер айтылды.

Сонымен, Г.П. Сосновский Шығыс Қазақстанда Алтай мен Сібірдің аумағына мәдени жақын археологиялық ескерткіштер табылатындығын, ал сол кезде Орталық Қазақстан үшін шығысеуропалық үлгідегі палеолиттік өндірісінің ықтималдығы жоғары екендігін болжады [6]. А.А. Формозов, керісінше, Орталық Қазақстан аумағының ежелгі тас дәуірі Сібірге қарай көбірек тартылатындығы екендігін болжады [7].

Шығыс Еуропадан келген палеолиттік адамның сібір аумағын қоныстандыруы туралы беделді жорамал аясында Қазақстанның орталық және Солтүстік аумақтарын Еуропа мен Сібір Палеолиті арасындағы байланыстырушы ретінде қарастыру заңды болып табылады [8].

Осы пікірталастар тақырыбының аясында А.Г. Медоевтің еңбектерінен кейін бай және жарқын топтамалармен ұсынылған Орталық Қазақстанның палеолит дәуірінің 60-шы жылдарының басындағы ескерткіштерінің ашылуының маңызы аз болған жоқ. Ежелгі тас құралдарынан сына тәрізді нуклеустардың экспрессивті формаларының жаңа ескерткіштері мен жоғары қырғыштар табылғаннан кейін А.Г. Медоев Сарыарқаның бүкіл шығыс бөлігін Сібір-қытай провинциясының аумағына қосты [5, 100 б.]. М.Н. Клапчук космоп және Қызылжар 3 елді мекен аймақтарында анықталған материалды Орта Азиядан Орталық Қазақстан шөлді зонасы арқылы, жоғарғы плейстоцен плювиалындағы «мұз дәуірінің алдында» орта палеолит дәуіріндегі адамның біртіндеп жылжуының іздері ретінде қарастырды [4, 271 б.]. М.Н. Клапчук пен А.Г. Медоевтің зерттеулерінде басынан бастап айырмашылықтар пайда болды.

М.Н. Клапчуктың зерттеу жұмыстары негізінен төрттік кезең шөгінділерді споралы-тозаңды зерттеумен байланысты болды және ол террасалар шөгінділерінің арасында Сарысу, Есіл, Нұра өзендерінің аңғарларында ежелгі тас дәуірінің ескерткіштерін іздеді. А.Г. Медоев ұсақ шоқыларда көрсетілген ашық (жер үсті) типтегі археологиялық ескерткіштерді зерттеуге баса назар аударды. Іздеу жұмыстары шикізат тау жыныстарының бай кен орындары бар аудандарда жүргізілді. Ескерткіштер ежелгі бедердің баспалдақтарына байланыстырылды.

Ол кең географиялық іздеу аясында, ескерткіштер мен материалдардың сандық көптігі, геоморфологиялық позициялар арасында анықталған заңдылықтар, әртүрлі зерттелген нүктелердің инвентаризациясы мен типологиясы геохронологиялық көлемді құруға және ұсақ шоқылардың ежелгі тас дәуірі кешендерінің кезең-кезеңмен құруға негіз болады деп болжады. Алайда, А.Г. Медоевтің толық емес және қысқаша жарияланымдарының негізінде 1963-1969 жылдардағы археологиялық отрядтың жұмысы, табылған ескерткіштердің саны мен орналасқан жері, жүргізілген археологиялық зерттеулердің сипаты, жәдігерлердің саны мен мазмұны туралы егжей-тегжейлі түсінік қалыптастыру мүмкін болмады.

Сол кездегі зерттеулер Сарыарқаның шығыс бөлігін – Семізбұғы таулары, Бәле, Хантау, Шыңғыс және т.б. өлкелерін кең ауқымын қамтыды. Осы аудандардың барлығында палеолит дәуіріндегі бұйымдардың көптеген үлгілерін берген тұрақ-шеберханалар топтары ашылды және зерттелді. Табылған материалдар ғалымдардың ерекше қызығушылығын тудырды. Мамандар бұл табылған олжаларды Лука-Врублевская, Яштух, Сатани-Дар, Джрабер, Лаше-Балта және т.б. осы секілді ескерткіштердің материалдарымен салыстырды. Оларды, сонымен қатар, палеолит дәуірінің мәдени бірлігінің пайдасына айқын дәлел ретінде де қарастырды. Осы отрядпен бір мезгілде Маңғышлақта да археологиялық жұмыстар жүргізілді. Мұнда да айтарлықтай нәтижелер алынды. Түпқараған түбегіндегі ескерткіштерден табылған көптеген заттар Сары-Арқа көне тас өндірісінің аналогы ретінде қарастырылды. 1964-1968 жылдары Сарыарқа тас дәуірінің ескерткіштерін негізінен М.Н. Клапчук зерттеді.

Осы ғалыммен Сарысу өзенінің бассейнінде: 1964 жылы – Жаман-Айбат 3-4 және Передержка (Ағайдар), 1967 жылы – Обалысай, Мұзбель 1 және Айдарлы 2, 1968 жылы – Қосқұдық және Сорқұдық тұрақтары ашылып, зерттелді. Обалысай мен Мұзбель 1 тұрағында алғаш рет тас құралдары табылды. Айдарлы 2-де 500-ден астам заттардың маңызды жәдігерлер анықталды. Бұл – шапқы-бифастар, жаңқалар, тескіш және олардан жасалған құралдар, өзекшелер жиынтығы болып табылады. Сорқұдық пен Қосқұдықта яшмадан жасалған бұйымдары табылды, олардың ішінен шағын бифастар сериясы қызығушылықты тудырды.

Қонайбек елді мекенінде кейінгі палеолит дәуіріне жататын кремнийден жасалған бұйымдардың шамалы жәдігері табылды. Алғаш рет жәдігер жайылма жер террасаның аллювиалды құмынан алынды. 1967-1968 жылдары М.Н. Клапчукпен Ертіс өңірінің сол жағалауында Ангресор 1-2 және Тасқұдық – 1 тұрақтары табылды.

Тасқұдық 1-де жаңа фактураның ірі заттарының жәдігері табылды, олардың арасында 55 екіжақты жапырақ тәрізді құралдар болды. 1966 ж. М.Н. Клапчукпен Батпақ №7 тұрағында Клапчук бөлшек стратиграфиялық бағананы салу мен жаңа археологиялық және палеонтологиялық материал алуға мүмкіндік беретін жұмыстар жүргізді [5, 100-101 бб.]. 1969-1970 жылдары батпақ ауылының маңында делювиалды шлейф бетінде жиналған орта және кейінгі палеолит дәуірінің материалдары бар макроиндустрия үлгілері бар Мизар1 және Батпақ – №17 орындары ашылды. Нұра өзенінің жоғарғы ағысында әртүрлі палеолиттік материалдары бар Ақсарының орны табылды. 1970 жылы Сарысу өзенінің бассейнінде Түйемайнақ ескерткіші табылды.

Бұл жерде 2043 алуан түрлі бұйымдардан: нуклеус – 218, жаңқалар мен пластиналар – 891, ретуштелген құралдар – 80 [5, 102-103 бб.] жәдігер жиналды. 1985-1988 жылдары Батпақта жоспарлы түрде археологиялық қазбалар, оның ішінде Батпақ №7-де де Целиноград археологиялық экспедициясы жүргізді. 1968-1971 жылдары Есілдің жоғарғы ағысында Вишневка 1,3,4 орындары ашылды.

Вишневка-1 тұрағында әр түрлі кезеңдерінің – кейінгі палеолит, неолит дәуірі материалдары анықталды. Жәдігерде Тосқұдық-1 мен Құдайкөл тұрақтарындағы құралдарға ұқсас екі жақты құралдар да болды. Вишневка 3-4 тұрағында тасты төбешіктердің баурайында кремнийленген Девон алевролитінен жасалған бұйымдар табылды, олар өз кезегінде Есіл алқабының байырғы баурайын құрайды. Ашель кезеңіндегі шапқыш-бифастар, диск тәрізді және леваллуаз нуклеустері, сондай-ақ Вишневка 4 тұрағындағы орта және кейінгі палеолиттік типтегі заттар қызығушылық тудырады. Орталық Қазақстанның палеолит археологиялық ескерткіштерінің ашылуында геологтардың еңбегі зор.

1950-1951 жж. жазда геологтар С.М. Бандалетов және М.Ф. Никитинмен Қарағанды облысының Қарасу және Өлеңті өзендерінің аңғарларында палеолит кезеңінің тас құралдары табылды, кейінірек ол А.Г. Максимовамен сипатталған [2, 7 б.]. 1960 жылдың жазында Кенжебайсай шатқалында жүргізілген қазба жұмысында В.С. Панцыревпен тас құралдарының жиыны қызықты болды. М.Н. Клапчук Сарысу, Нұра және Есіл өзендерінің бассейндерінде дала жұмыстарын жүргізеді. Қарағанды облысының аумағында М.Н. Клапчукпен Батпақ №7, Қарабас №3, Ангресор №2 тұрақтары табылды, оның ішінде біріншісі «1,20-5,60м тереңдікте жатқан мәдени қабатқа ие» болды.

Онда сүтқоректі мамонт фаунасының, атап айтқанда Б.С. Қожамқұлованың анықтауы бойынша, *Mammuthus primigenius* Blum, *Coelodonta antiotatis* Blum, *Rangifer tarandus* L сүйектері табылды. Табылған тастан жасалған бұйымдардың ішінде үшбұрышты және трапеция тәрізді көлденең қимасы бар екі ірі пластиналар, қара түсті туфтан жасалған қырғыш пен найзаның ұшы өзіне назар аударады. Ұқсас құралдар Сібірдің жоғарғы палеолит тұрақтарында да кездеседі. Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан Қарабас-3 тұрағында табылған 172 порфирит бұйымдарының арасында екі диск тәрізді нуклеус, сынық іздері бар алты желвак, шапқыш құрал және қысқа найза (дротик) ұшының басы бар.

Ангресор 2 Екібастұз қаласынан оңтүстікке қарай, оңтүстік шлейфі шоқысында, солтүстіктегі Ангресор көлін қоршап тұрған оңтүстіктің шлейфі шоқысындағы Екібастұз қаласынан оңтүстікке қарай өңірдің солтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Бұл жерде, негізінен яшмадан жасалған материал, оның ішінде нуклеус (диск тәрізді, конустық, көпқырлы), айқын соққы түйнектері бар кең ұрғыштар, жаңқалар, шапқыш тәрізді құрал, кескіш-тескіші, қырғыштар, жапырақ тәрізді қысқа найзалар (дротик) – ұшы басым болып келеді. Тұрақтың тастан жасалған бұйымдары Сібірдің жоғарғы палеолит тұрақтарының құрал-жабдықтарымен ұқсастығын көрсетеді [9, 4 б.].

М.Н. Клапчукпен зерттелген Орталық Қазақстанның бірқатар ескерткіштері мустьерлік тұрақтарына жатады. Бұл – Қызылжар 3, Қосмола, Батпақ 8 және 12 сияқты тұрақтар. Қызылжар 3 тұрағы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы елді-мекенінен батысына қарай 7,3 км жерде, Сарысу өзенінде орналасқан. 1962 жылы М.Н. Клапчукпен карбонатты горизонттың бетінде мустье мәдени кешендеріне тән шағын диск тәрізді нуклеус табылды.

Нуклеустің 2 жұмыс бөлігінің бетінде шетінен ортасына дейін созылатын қысқа және терең қалдықтарының іздері бар, сондықтан алынған жаңқалары бар ірі соқылы түйнектері болды.

Келесі дәуір – мезолит дәуірі, ал одан кейінгі неолит пен энеолитті көшпелі және отырықшы тұрмыс салтындағы аңшылар мен балықшылар мәдениетінің қалыптасу және даму кезеңі ретінде сипаттауға болады. Ал қарастырылып отырған, палеолит дәуірі бізден қаншалықты қашық

болғанымен, біз алғашқы қауым аңшылары мен жинаушыларының ежелгі мәдениеті шектес аймақтардың мәдениеттерімен өзара тығыз әсер ету арқылы дамыды деп сеніммен айта аламыз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Археологическая карта Казахстана: Реестр / Отв. ред. Е.И.Агеева, А.К.Акишев. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. — 450 с.
2. Максимова.А.Г. Находки палеолитических орудий в северо-восточной части Центрального Казахстана // Вестн. АН КазССР. — 1953. — № 2.
3. Акишев К.А. Памятники старины Северного Казахстана // Тр. ИИАЭ АН КазССР. — Алма-Ата, 1992. — Т. 7.
4. Клапчук М.Н. Первые палеолитические находки в Центральном Казахстане // СА.—1964.— № 3.—С. 268-272.
5. Волошин В.С. Из истории изучения палеолита Сары-Арки // Казахская цивилизация.—2001.— № 1.—С. 98-114.
6. Сосновский Г.П. О поисках палеолита в Казахстане // Известия АН КазССР. — 1948. — № 46. — С. 10-11.
7. Формозов А.А. Из новейшей литературы по палеолиту Казахстана и Средней Азии // БКИЧП. — 1953. — № 19. —С. 90-92.
8. Окладников А.П. Освоение палеолитическим человеком Сибири // Материалы по четвертичному периоду СССР. — 1950. — Вып. 2. — С. 150-158.
9. Ломан В.Г. Историко-культурное наследие Сары-Арки: Сб. науч. ст. // Карагандинская обл. инспекция по охране и использованию историко-культурного наследия, Караганд. гос. ун-т. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. — 213 с.
10. Медоев А.Г. Проблемы палеолита Казахстана (начальный этап) // Проблемы изучения и охраны памятников культу-ры Казахстана. — Алма-Ата, 1980. — С. 161-162.

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

**Сәлімбаев С.Ж.**, педагогика ғылымдарының магистрі  
№ 104 мектеп-гимназиясы  
Қарағанды қ., Қазақстан

Археология – тарих ғылымының ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы. Археология (ол гректің *archaios* – ескі, *logos* – ғылым деген сөздерінің қосылуынан шыққан) термині біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде (Платон) қолданыла бастағанымен, ғылыми археологиялық зерттеулер Еуропада қайта өркендеу дәуірінде ғана жүргізілді.

Қазақстан археология ғылымының дамуы алдымен ортағасырлық бізге жеткен жазбалар арқылы белгілі. Қазақ археологиясының қалыптасуы Ресей империясының отарлау саясатына байланысты жүргізілген. Ресей зерттеушілерінің қазақ жеріне ұйымдастырған 1733 жылғы академик Г.Ф. Миллердің бастауымен бірінші академиялық экспедициясы Қазақстандағы алғашқы археология ескерткіштері туралы мәліметтерді хабарлайды. Бұл ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты қазақ жерінің табиғи жер асты, жер үсті байлықтары, табиғаты, климаты, жан-жануарлары, өсімдік әлемі, жер қыртысы тағы өзге де ғылым салаларының мәліметтері қызықтырған болатын.

Қазақ жеріндегі археология ғылымы XIX-XX ғасыр бас кезеңіндегі орыс ғылыми қоғамдары мен мекемелерінің жұмысының жандануына байланысты өрбіді деп айта аламыз. Оның бірі 1845 жылы 6 тамызда құрылған Императорлық Орыс Географиялық қоғамы. Бұл қоғам Орыс мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық дамуы 1861 жылғы реформаға дейін Ресей империясына қарасты халықтардың жағдайы туралы жан-жақты мәлімет жинақтады [1]. Ал 1867 жылы 17 шілдеде Ресей Географиялық Қоғамының Орынбордағы бөлімі ашылды. 1868 жылғы 14 қаңтардағы бірінші мәжілісінде қоғам мүшелігіне енгісі келгендердің арызын қабылдап, тізімі жасалынып, ережесі бекітілді [2,27-п]. Ресей Географиялық Қоғамы Орынбор бөлімінің Қазақстандағы бөлімшелері: Омбы қаласында 1877 жылы 10 мамырда Орыс географиялық Қоғамы, 1897 жылы Түркістан географиялық қоғамы, Ресей Географиялық Қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің жанынан 1902 жылы Жетісу бөлімшесі ашылды.